

## **"Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 қазандағы № 10-278 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 25 қарашада № 3583 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 04 қыркүйектегі № 412 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 04.09.2018 № 412 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 01 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Ұйғыр ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ақтам ауылдық округінің әкімі Урманбеков Сайдахмет Нұрымбайұлына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Исламов Султан Турсуновичке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Тохтасунов*

Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 қазандағы № 10 - 278 қаулысымен бекітілген қосымша

## **"Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің өкімдері мен шешімдері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 041803, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Ақтам ауылы, Абай көшесі, №13.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге т ы ы м с а л ы н а д ы .

Егер "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Міндеттері: Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қ а м т а м а с ы з е т у .

1 6 . Ф у н к ц и я л а р ы :

1) өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;  
2) шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті да м ы т у ғ а ж ә р д е м д е с у ;

3) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;  
4) табысы аз адамдарды анықтау, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізу, жалғыз басты қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қ ы з м е т к ө р с е т у д і ұ й ы м д а с т ы р у ;

5) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;

6) қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс о р ы н д а р ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;

7) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесу;

8) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

9) шаруашылықтар бойынша есепке алуды жүзеге асыру;

10) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізу;

11) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру;

17. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты заңнамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;
- 2) оперативті басқару құқығына қарсы мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар және міндеттерді жүзеге асыру.

### 3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын әкім жүзеге асырады.

19. Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округінің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің орынбасарлары жоқ.

21. Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің өкілеттілігі:

1) "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыры шегінде айқындайды;

2) "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және босатады;

3) "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

4) өз құзыреті шегінде шешімдер мен өкімдер шығарады;

5) мемлекеттік органдармен өзгеде ұйымдарда өз құзыреті шегінде "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

6) "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де

өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Ұйғыр ауданының Ақтам ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.